

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері

11-сынып

1. Ауыспалы мағыналы сөзді табыңыз.

- A) Қара сиялы қалам.
- B) Қисық бұтақ.
- C) Қоңыр дауыс.
- D) Білімді оқушы.
- E) Қызыл гүл

2. Мақалды толықтырыңыз.

*Ғалыммен жақын болсаң, қолың жетер, залыммен жақын болсаң ... кетер.*

- A) Басың
- B) Жолың
- C) Жүрегің
- D) Гүлің
- E) Кітап

3. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

- A) Жаз. Егіс даласы.
- B) Менің сабақ оқығым келеді.
- C) Мен ауылға бардым.
- D) Ертең осы жерге кел.
- E) Балам, қайдан келдің?

4. Көп нүктенің орнына қандай сөз жазу керек? Жиналыс ай ... өтіп тұрады.

- A) байланысты
- B) туралы
- C) сайын
- D) үшін
- E) бойынша

5. Құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Автобус бірде тез жүреді, бірде баяу жүреді.*

- A) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем.
- B) Іліктес салалас құрмалас сөйлем.
- C) Кезектес салалас құрмалас сөйлем.
- D) Сабақтас құрмалас сөйлем.
- E) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

6. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бұл түн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан, көп нәрселер әлі көз алдымда тұрады.
- B) Өзеннің суы тайыз болғанмен, жағасы тік.
- C) Біресе жаңбыр жауып, біресе қар жауады.
- D) Жақыпбек ойлардан серпілгісі келіп, романның бірін алып оқуға кірісті.
- E) Шай жиналысмен, қонақтарды Мырзаш шақырып әкетті.

7. Үтір мен леп белгісінің қойылу себебін белгілеңіз. **Ойпырмай, күннің суығын-ай!**

- A) Еліктеуіш сөз
- B) Қыстырма сөз
- C) Одағай сөз
- D) Оқшау сөз
- E) Қаратпа сөз

8. Ойдың кімнен шыққанын білдіретін қыстырма сөзді анықтаңыз.

- A) Қорыта айтқанда
- B) Бақытына қарай
- C) Оның пікірінше
- D) Екіншіден
- E) Мүмкін

9. «Көзі ашық» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) Елгезек
- B) Білімді
- C) Оқыған
- D) Аңқау
- E) Надаң

10. Одағайдың білдіретін мағынасын анықтаңыз. *Әттең, бүгін кешікпей келгеніңде үлгіретін едің!*

- A) Бұйыру
- B) Жекіру

- C) Таңдану
- D) Шаттану
- E) Өкіну

**11. Еліктеу сөздің сөйлемдегі қызметін белгілеңіз.**

*Біза мен ашу қысып, қали-қали етеді.*

- A) Пысықтауыш
- B) Анықтауыш
- C) Баяндауыш
- D) Толықтауыш
- E) Бастауыш.

**12. Үтірдің қойылу себебі, дұрысын белгілеңіз.**

*Мүмкін, келіп қалар.*

- A) Еліктеу
- B) Одағай
- C) Қаратпа
- D) Қыстырма
- E) Шылау

**13. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз.**

- A) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн», - деді мұғалім.
- B) «Сөйлемді сауатты, құрастырған жөн» - деді мұғалім.
- C) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн» - деді мұғалім.
- D) Сөйлемді сауатты: құрастырған жөн, - деді мұғалім!
- E) Сөйлемді сауатты; құрастырған жөн - деді мұғалім.

**14. Мына сөйлемге қай шылау лайық, көрсетіңіз.**

Кейбір өсімдіктердің өзінен сүт бөліп шығаратыны ертеден- ... белгілі.

- A) –ді
- B) –мыс
- C) –ақ
- D) –ай
- E) –ау

**15. Таңдану одағайын көрсетіңіз.**

- A) Апырай
- B) Өттеген-ай
- C) Уһ
- D) Қап
- E) Кәні

**16. Қазақ хандығының құрылғанына неше жыл болды?**

- A) 200 жыл
- B) 400 жыл
- C) 350 жыл
- D) 550 жыл
- E) 700 жыл

**17. «Екінші Мекке» деп атанған қаланы анықтаңыз.**

- A) Түркістан
- B) Шымкент
- C) Қызылорда
- D) Семей
- E) Тараз

**18. Ұлттық валютамыз айналымға енгізілген жылды белгілеңіз.**

- A) 1991 жылы 16 желтоқсан
- B) 1990 жылы 25 қазан
- C) 1992 жылы 4 маусым
- D) 1993 жылы 15 қараша
- E) 1995 жылы 30 тамыз

**19. «Тілашар» тойы қашан өткізілетінін белгілеңіз.**

- A) Балабақшаға барғанда
- B) Бала мектепке барғанда
- C) Бала енді жүре бастағанда
- D) Жоғары оқу орнына түскенде
- E) Мектеп бітіргенде

**20. Қазақстанның солтүстігінде орналасқан қалаларды көрсетіңіз.**

- A) Атырау, Орал
- B) Көкшетау, Қостанай
- C) Маңғыстау, Ақтөбе
- D) Алматы, Қызылорда
- E) Шымкент, Жамбыл